



Қазақстан Республикасы Заң шығару Институтының Жаршысы

**№ 1-2 (29-30)
2013**

ҒЫЛЫМИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖУРНАЛ

Меншік иесі және баспагер:
«Қазақстан Республикасының
Заң шығару институты» ММ

2006 жылдан бастап шығады
Журналдың материалдары
<http://www.izrk.kz> сайтында
орналастырылған

Заң ғылымдары бойынша
диссертацияларының негізгі ғылыми
нәтижелерін жариялауға арналған
басылымдар тізіліміне енгізілген
(ҚР БҒМ БҒСБК 30.05.2013 ж.
№894 бұйрығы)

Редакциялық кеңес:
Б.М. Имашев (Төраға)
З.Х. Баймолдина
А.А. Смағұлов
И.Ш. Борчашвили
М.Ш. Қоғамов

Редакциялық алқа:
Н.М. Әбдіров
З.С. Байниязова (Саратов қ., РФ)
Б.М. Бишманов
С.Ф. Бычкова
М.Т. Ғабдуәлиев
Д. Досмырза
А.Д. Жүсіпов
Т.Е. Қаудыров
В.Т. Қоныс
Ж.О. Құлжабаева
А.М. Нұрмағамбетов
Р.Т. Нұртаев
С.М. Рахметов
Ә.Г. Сақтағанов
Т.С. Сафарова
М.А. Сәрсембаев
А.М. Сәрсенов
Т.Ә. Серікбаев
У. Шапақ

Қазақстан Республикасы Мәдениет
және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің
БАҚ есепке қою туралы куәлік
№ 11219-Ж 15.11.2010 ж.

Мекен-жайы:
Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қ.,
Орынбор к., 8 үй
тел.: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru

МАЗМҰНЫ

Қазақстан Республикасы Әділет министрі Б.М. Имашевтың Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі С.Н. Ахметовтың қатысуымен өткізілген Министрліктің кеңейтілген алқа отырысындағы сөйлеген сөзі, Астана қ., 2013 жылғы 11 ақпан	9
«Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты»	16
А.А. СМАҒҰЛОВ Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы аясындағы елдің саяси және құқықтық жүйесін дамытудың негізгі бағыттары	16
Р.Т. НҰРТАЕВ Әділеттілік қағидатын сақтау кепілдігін нығайту мақсатында құқықтық мониторинг институтын жетілдіру және дамыту тапсырмаларын шешудегі Қазақстан Республикасы Президенті – Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында айтылған идеяларды жүзеге асырудың өзекті мәселелері туралы.....	21
Конституциялық және әкімшілік құқық	33
М.Т. БАЙМАХАНОВ Қазақстандағы мемлекеттік қызмет көрсету институты және оның құқықтық жанамалығы.....	33
С.Ф. БЫЧКОВА Қазақстан Республикасында конституциялық қадағалауды заңнамалық реттеудің кейбір проблемалары туралы	39
Д. ДОСМЫРЗА Мемлекеттік басқару процесіндегі кедендік әкімшілік жүргізу жүйесі	45
С.С. ШЕШЕНБАЕВА Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс (жаңа редакциясы) нысанасының көлемі және әкімшілік заңнаманы реформалаудың түп мәтінінде «лауазымды тұлға» ұғымы.....	51
М.Т. ҒАБДУӘЛИЕВ Жергілікті өзін-өзі басқарудағы көкейтесті мәселелер (ой-пікірлер).....	55
Азаматтық, азаматтық іс жүргізу құқығы	62
Е.Н. НҰРҒАЛИЕВА Қазақстан Республикасы Еңбек кодексі нормаларын қолданудың тәжірибелік мәселелері	62

С.К. ЫДЫРЫШЕВА, А.В. ТРИНКОЛЕНКО	
Ноу-хауды беру келісім шарты өнеркәсіптік меншік объектілеріне құқықтарды басқа тұлғаларға беру шартының түрі ретінде	66
«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне меншік құқығын қорғауды, шарттық міндеттемелерді қорғауға кепілдік беруді күшейту мен оларды бұзғаны үшін жауапкершілікті қатаңдату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша Қазақстан Республикасы Каспий қоғамдық университетінің ұсыныстары	70
С.Б. АҚАТОВА	
Соттарда меншік құқығын қорғау ісі бойынша туындайтын кейбір мәселелер туралы	78
Қылмыстық құқық және қылмыстық іс жүргізу	83
С.М. РАХМЕТОВ	
Қылмыстық кодекстің коммерциялық сатып алуға не сыбайлас жемқорлық қылмысқа арандату үшін жауаптылық туралы нормаларын жетілдіру проблемалары (ҚК 349 бабы)	83
Н.А. САРТАЕВА	
Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі: уақыт призмасымен қарағанда (1997-2003 жж.)	89
Т.Ә. СЕРІКБАЕВ	
Баланы қорғау және қылмыстық заңнаманы дамыту	94
М.Н. БАРАНОВ, А.Е. ЖҰМЖАЕВА	
Пробациялық қызметте электрондық аңду құрал-жабдықтарын қолданудағы шетелдік тәжірибе	98
Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану	102
М.А. СӨРСЕМБАЕВ	
КО (БЭК) құқығының, ДСҰ құқығы мен Қазақстанның құқық жүйесінің заңдық мазмұны және оларды біріздендіру проблемалары	102
Ж.И. ИБРАГИМОВ	
Еуразиялық экономикалық одақтың құрылуының құқықтық мәселелері.....	111
Мемлекеттік тілде заң шығару тәжірибесінен	118
Н.М. ПРИМАШЕВ	
Азаматтық авиация саласының техникалық терминдері мен нормаларын аударудың кейбір аспектілері	118
М.Ә. АЙЫМБЕТОВ	
Заң терминдерінің түпмәтіндік қолданысы	124
Ж.М. ТҰРАРОВА	
Азаматтық кодекстің стильдік мәселелері	127
Шетелдік тәжірибе	131
З.С. БАЙНИЯЗОВА (Саратов қ.)	
Құқықтық жүйе Ресейдегі азаматтық қоғамның қалыптасуы мен дамуының заңды өлшемшарты ретінде	131
Б.Б. СУДАВИЧИУС (Вильнюс қ.)	
Литва Республикасында қаржы рыногын қадағалау жүйесі	135
Е.Б. ВАЙТЕКЕНЕ (Вильнюс қ.)	
Литва Республикасында азаматтықты құқықтық реттеудің конституциялық негіздері	141
А.В. СКРЫПНИКОВ (Мәскеу қ.), А.П. ДОЛГОВ (Пенза қ.), К.А. ДОЛГОВ (Мәскеу қ.)	
Қазіргі заманғы Ресейдегі білім беру бастамалары	148
О.В. МУЗА (Киев қ.)	
Украинада әкімшілік іс жүргізу доктринасының қалыптасуы	158
И.А. ГУМЕНЮК (Киев қ.)	
Украина заң ғылымында «мемлекеттің әлеуметтік міндеттемелері» ұғымының мазмұны	164
С.А. БОГОЛЮБОВ (Мәскеу қ.)	
Қазақстанның, Ресейдің және Беларусьтің экологиялық-құқықтық басымдықтары	168

Б.Б. САМАРХОДЖАЕВ, М.А. АХАДОВА (Ташкент қ.)	
Инвестициялық құқықтық қатынастар және инвестициялық қызмет ұғымы	176
О.О. ЖУРАВЛЕВА (Мәскеу қ.)	
Ресей Федерациясында мемлекеттік емес зейнетақымен қамсыздандыруды салықтық-құқықтық ынталандыру проблемалары	182
А.В. ШМОНИН, О.И. СЕМЫКИНА (Мәскеу қ.)	
Ресейдегі экономикалық бағыттағы қылмыстарға қарсы күрестің мән-жайы туралы мәселе	187
В.Л. КУДРЯВЦЕВ (Мәскеу қ.)	
РФ ҚК «Террористік акт» деген 205-бабының 1-тармағында көзделген қылмыстың объективтік жағы: теория және практика мәселелері	193
О.В. МАКАРОВА (Мәскеу қ.)	
Ресей қылмыстық сот ісін жүргізудегі сот төрелігін іске асырудың халықаралық стандарттарын жүзеге асыру туралы	202
С.В. ПРИЛУЦКИЙ (Киев қ.)	
Сот төрелігін іске асыруға халықтың тікелей қатысуы: Украинадағы заңнамалық реттеу проблемалары	211
Э.Л. СИДОРЕНКО (Мәскеу қ.)	
Қылмыстық құқықтағы «жәбірленуші» ұғымы мен оның белгілері туралы мәселе	218
Э. БЕСЕЛИЯ (Кутаиси қ.)	
Грузиядағы азаптауды және басқа да қатал, адамгершілікке жат немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінің алдын алудың тұжырымдамалық тәсілдері	224
М.Н. КОПЫЛОВ (Мәскеу қ.), НГУЕН КУАНГ ТЬЕН (Вьетнам)	
Экологиялық тұрғыда тұрақты қалалар туралы халықаралық құқықтағы әмбебаптылық пен өңірлілік (АСЕАН мысалында)	234
Л.Э. КАМЕНКОВА (Минск қ.)	
Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Экономикалық Соты жанындағы Дауларды реттеу жөніндегі халықаралық орталық: шаруашылық жүргізу субъектілеріне арналған артықшылықтар	242
И.М. АЛИЕВ (Баку қ.)	
Қазіргі заманғы Әзербайжандағы діндарлық пен мемлекетті салыстыра қарау	247
Құқық қолдану тәжірибе	251
К.А. АРАЛБЕКОВА	
«Балаларың үшін алимент төле!»	251
Жас ғалым мінбері	253
Б.Н. КӨРПОВ	
XVIII – XIX ғасырлардағы либералды идеологиялық парадигманың қалыптасуы мен дамуы	253
А.Д. НАУРЫЗБАЕВ	
«Мүлік», «мүліктік құқық» түсінігі және олардың «меншік», «меншік құқығы» категорияларымен ара қатынасы	257
Г.Т. ҚАНАПЬЯНОВА	
Мемлекеттің мүліктік құқықтарын қорғаудың азаматтық-құқықтық тәсілдерінің жүйесі	265
Т.М. АЙТАНОВ	
Қазақстанның әлеуметтік жаңғырту жағдайындағы медиация институтының дамуы	269
Г.Х. ЮСУПОВА	
Қазақстан Республикасы Жоғары Сотының нормативтік сот тәжірибесі туралы	274
А.Т. ҚОНЫСБЕКОВА	
Адам саудасына қарсы тұрудың көкейкесті мәселелері	278
Д.Ж. СМАҒҰЛОВА	
Қылмыстық сот ісін жүргізу саласындағы халықаралық құқықтық ынтымақтастық	283
Н. ЕЛАМАНОВ	
«Экстремизм» және «терроризм» ұғымдарының арақатынасы	288
С.С. УМАРОВ	
Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларын қолдануда туындайтын кейбір мәселелер туралы	293

А.С. СЕЙЛХАНОВА	
Қазақстан Республикасындағы адам саудасымен күресудегі алдын-алу шараларын жетілдіру	298
Б.С. КҮЗЕМБАЕВА	
Трансұлттық ұйымдасқан қылмыстылық және оның Қазақстан Республикасындағы белгілері	302
А.М. КЕНЖАЛИЕВА	
Қылмыстық іс жүргізудегі тергеу қателіктерінің түсінігі	307
М.Ж. МЕЛДЕБАЙ	
Сотталғандардың жеке басы қауіпсіздігі мен ар-ождан бостандығын қамтамасыз ету	312
Е.К. ҚҰРМАНОВ	
Қылмыстылықтың алдын-алу жолдары	315
Т.Ж. СЫЗДЫҚОВ	
Қылмыстылықты жасыруға қарсы іс-әрекеттер шаралары	319
У.Б. БАЙМАХАНОВ	
Ақпараттық қауіпсіздік киберқылмысқа қарсы тұру құралы ретінде	323
А.А. МҰХАМАДИЕВ	
Қылмыстық құқықтағы адам өлтірудің субъективтік жағының саралау белгілері	326
Е.М. КҮЛБАЕВ	
Есірткі заттарды және психотроптық заттарды заңсыз дайындау, өңдеу, иемденіп алу, сақтау, тасымалдау, жөнелту немесе сату қылмысының қылмыстық-құқықтық аспектілері	330
О.Ж. ЖҮКЕНОВ	
Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексі жобасының тұжырымдамасын бағалау	335
К. УМИРЗАХОВА	
Ұлттық және халықаралық корпоративтік құқықтың салыстырмалы сипаттамасы.....	338
<i>Сын және библиография</i>	342
РУМЕН СТЕФАНОВ	
«Еуропалық Одақтың сыртқы саясаты» атты В. Катранджиевтің кітабына (Болгария. София: Әскерлік баспасы, 2011) ой-пікір	342
<i>Ақпараттық хабарламалар</i>	346
2013 ж. 12 ақпанда өткен дөңгелек үстел туралы ақпараттық хабарлама	346
2013 ж. 13 ақпанда Қазан қ. (Ресей Федерациясы) өткен Бүкілресейлік ғылыми-практикалық конференция туралы ақпараттық хабарлама	348
2013 ж. 20 наурызда Астана қ. өткен «Қазақстан Республикасының жаңа қылмыстық заңнамасы: проблемалары, тенденциялары және жетілдіру жолдары» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция туралы ақпараттық хабарлама	350
2013 ж. 29 наурызда өткен дөңгелек үстел туралы ақпараттық хабарлама	352
2013 ж. 5 сәуірде Астана қ. өткен «Құқықтық нормалардың орыс және қазақ тілдеріндегі мәтіндерінің теңтүпнұсқалылығын қамтамасыз етудің кейбір мәселелері» атты дөңгелек үстел туралы ақпараттық хабарлама	354
<i>Даналық ойлар</i>	358
<i>Мерейтой</i>	359
З.ғ.д., профессор В.А. Кимнің 90 жасына орай	359
<i>Қазақстан Республикасының Заң шығару институтына 20 жыл</i>	362



**№ 1-2 (29-30)
2013**

Собственник и издатель:

ГУ «Институт законодательства
Республики Казахстан»

Издается с 2006 года

Все материалы журнала
размещаются на сайте
<http://www.izrk.kz>

Включен в перечень изданий
для публикации основных
научных результатов диссертаций
по юридическим наукам
(Приказ ККСОН МОН РК №894
от 30.05.2013 г.)

Редакционный совет:

Б.М. Имашев (Председатель)
З.Х. Баймолдина
А.А. Смагулов
И.Ш. Борчасвили
М.Ч. Когамов

Редакционная коллегия:

Н.М. Абдиров
З.С. Байниязова (г. Саратов, РФ)
Б.М. Бишманов
С.Ф. Бычкова
М.Т. Габдуалиев
Д. Досмырза
А.Д. Жусупов
Т.Е. Каудыров
В.Т. Конусова
Ж.О. Кулжабаева
А.М. Нурмагамбетов
Р.Т. Нуртаев
С.М. Рахметов
А.Г. Сактаганов
М.А. Сарсембаев
А.М. Сарсенов
Т.С. Сафарова
Т.А. Серикбаев
У. Шапак

Свидетельство о постановке
на учет СМИ № 11219-Ж
от 15.11.2010 г. Комитета информации
и архивов Министерства культуры
и информации Республики Казахстан

Адрес:

Республика Казахстан,
010000, г. Астана,
ул. Орынбор, д. 8,
тел.: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru

**Вестник
Института
Законодательства
Республики Казахстан
научно-правовой журнал**

СОДЕРЖАНИЕ

Выступление Министра юстиции Республики Казахстан Имашева Б.М.
на расширенном заседании коллегии Министерства с участием Премьер-
Министра Республики Казахстан Ахметова С.Н. по итогам работы
органов юстиции за 2012 год г. Астана, 11 февраля 2013 года 9

*«Стратегия «Казахстан – 2050»: новый политический курс
состоявшегося государства» 16*

А.А. СМАГУЛОВ

Основные векторы развития политической и правовой системы страны
в свете Послания Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева
народу Казахстана 16
Р.Т. НУРТАЕВ

Об актуальных проблемах реализации идей, озвученных в Послании
Президента Республики Казахстан – Лидера Нации Нурсултана
Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстан – 2050»: новый
политический курс состоявшегося государства», в решении задачи
совершенствования и развития института правового мониторинга в целях
укрепления гарантий соблюдения принципа справедливости 21

Конституционное и административное право 33

М.Т. БАЙМАХАНОВ

Институт государственных услуг в Казахстане и его правовое
опосредование 33
С.Ф. БЫЧКОВА

О некоторых проблемах законодательного регулирования
конституционного надзора в Республике Казахстан 39
Д. ДОСМЫРЗА

Система таможенного администрирования в государственном
управленческом процессе 45
С.С. ШИШИМБАЕВА

Объем предмета Кодекса об административных правонарушениях (новая
редакция) и понятия «должностное лицо» в контексте реформирования
административного законодательства 51
М.Т. ГАБДУАЛИЕВ

Наш трудный путь к местному самоуправлению (размышления) 55

Гражданское и гражданско-процессуальное право 62

Е.Н. НУРГАЛИЕВА

Практические вопросы применения норм Трудового кодекса Республики
Казахстан 62

С.К. ИДРЫШЕВА, А.В. ТРИНКОЛЕНКО	
Договор о передаче ноу-хау как вид договора о передаче прав на объекты промышленной собственности.....	66
Предложения НИИ частного права Каспийского общественного университета по проекту Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам усиления защиты права собственности, гарантирования защиты договорных обязательств и ужесточения ответственности за их нарушение»	70
С.Б. АКАТОВА	
О некоторых вопросах, возникающих в судах по делам о защите права собственности	78
Уголовное право и уголовный процесс	83
С.М. РАХМЕТОВ	
Проблемы совершенствования норм Уголовного кодекса об ответственности за провокацию коммерческого подкупа либо коррупционного преступления (ст. 349 УК)	83
Н.А. САРТАЕВА	
Уголовный кодекс Республики Казахстан: через призму времени (1997-2003 годы)	89
Т.А. СЕРИКБАЕВ	
Охрана детей и развитие уголовного законодательства	94
М.Н. БАРАНОВ, А.Е. ЖУМЖАЕВА	
Зарубежный опыт применения электронных средств слежения в деятельности службы пробации	98
Международное право и сравнительное правоведение	102
М.А. САРСЕМБАЕВ	
Юридическое содержание права ТС (ЕЭП), права ВТО и правовой системы Казахстана и проблемы их унификации	102
Ж.И. ИБРАГИМОВ	
Правовые проблемы создания Евразийского экономического союза	111
Из практики законодательства на государственном языке	118
Н.М. ПРИМАШЕВ	
Некоторые аспекты перевода технических терминов и норм сферы гражданской авиации	118
М.А. АЙЫМБЕТОВ	
Контекстное использование законодательных терминов	124
Ж.М. ТУРАРОВА	
Стилистические вопросы Гражданского кодекса	127
Зарубежный опыт	131
З.С. БАЙНИЯЗОВА (г. Саратов)	
Правовая система как юридический параметр формирования и развития гражданского общества в России	131
Б.Б. СУДАВИЧЮС (г. Вильнюс)	
Система надзора за финансовым рынком в Литовской Республике	135
Е.Б. ВАЙТЕКЕНЕ (г. Вильнюс)	
Constitutional grounds of legal regulation of citizenship in the Republic of Lithuania (Конституционные основы правового регулирования гражданства в Литовской Республике).....	141
А.В. СКРЫПНИКОВ (г. Москва), А.П. ДОЛГОВ (г. Пенза), К.А. ДОЛГОВ (г. Москва)	
Образовательные инициативы современной России	148
О.В. МУЗА (г. Киев)	
Формирование доктрины административного процесса в Украине	158
И.А. ГУМЕНЮК (г. Киев)	
Содержание понятия «социальные обязательства государства» в украинской юридической науке.....	164
С.А. БОГОЛЮБОВ (г. Москва)	
Эколого-правовые приоритеты Казахстана, России и Беларуси	168

Б.Б. САМАРХОДЖАЕВ, М.А. АХАДОВА (г.Ташкент)	
Понятие инвестиционных правоотношений и инвестиционной деятельности	176
О.О. ЖУРАВЛЕВА (г. Москва)	
Проблемы налогово-правового стимулирования негосударственного пенсионного обеспечения в Российской Федерации	182
А.В. ШМОНИН, О.И. СЕМЫКИНА (г. Москва)	
К вопросу о состоянии борьбы с преступлениями экономической направленности в России	187
В.Л. КУДРЯВЦЕВ (г. Москва)	
Объективная сторона преступления, предусмотренного ч.1 ст. 205 УК РФ «Террористический акт»: некоторые вопросы теории и практики	193
О.В. МАКАРОВА (г. Москва)	
О реализации международных стандартов отправления правосудия в уголовном судопроизводстве России.....	202
С.В. ПРИЛУЦКИЙ (г. Киев)	
Прямое участие народа при осуществлении правосудия: проблемы законодательного регулирования в Украине	211
Э.Л. СИДОРЕНКО (г. Москва)	
К вопросу о понятии и признаках потерпевшего в уголовном праве	218
Э. БЕСЕЛИЯ (г. Кутаиси)	
Концептуальные подходы по предотвращению пыток и других жестоких, бесчеловечных или унижающих достоинство видов обращения и наказания в Грузии	224
М.Н. КОПЫЛОВ (г. Москва), НГУЕН КУАНГ ТЬЕН (Вьетнам)	
Универсальное и региональное в международном праве об экологически устойчивых городах (на примере АСЕАН).....	234
Л.Э. КАМЕНКОВА (г. Минск)	
Международный центр по урегулированию споров при Экономическом Суде Содружества Независимых Государств: преимущества для хозяйствующих субъектов	242
И.М. АЛИЕВ (г. Баку)	
Сопоставление религиозности и государства в современном Азербайджане	247
Правоприменительная практика.....	251
К.А. АРАЛБЕКОВА «Плати алименты, ради детей!».....	251
Трибуна молодого ученого.....	253
Б.Н. КАРИПОВ	
Формирование и развитие либеральной идеологической парадигмы в XVIII - XIX веках.....	253
А.Д. НАУРЫЗБАЕВ	
Понятие «имущество», «имущественные права» и их соотношение с категориями «собственность» и «право собственности»	257
Г.Т. КАНАПЬЯНОВА	
Система гражданско-правовых способов защиты имущественных прав государства	265
Т.М. АЙТАНОВ	
Развитие института медиации в условиях социальной модернизации Казахстана	269
Г.Х. ЮСУПОВА	
О нормативной судебной практике Верховного Суда Республики Казахстан	274
А.Т. КОНЫСБЕКОВА	
Актуальные вопросы в проблеме противодействия торговле людьми	278
Д.Ж. СМАГУЛОВА	
Международно-правовое сотрудничество государств в сфере уголовного судопроизводства.....	283
Н. ЕЛАМАНОВ	
Взаимосвязь понятий «экстремизм» и «терроризм».....	288
С. С. УМАРОВ	
О некоторых вопросах применения нормативных постановлений Верховного Суда.....	293

А.С. СЕЙЛХАНОВА	
Совершенствование мер предупреждения в борьбе с торговлей людьми в Республике Казахстан	298
Б.С. КУЗЕМБАЕВА	
Транснациональная организованная преступность и ее признаки в Республике Казахстан	302
А.М. КЕНЖАЛИЕВА	
Понятие следственных ошибок в уголовном процессе	307
М.Ж. МЕЛДЕБАЙ	
Обеспечение безопасности личности, чести и достоинства осужденных	312
Е.К. КУРМАНОВ	
Предупреждение преступности.....	315
Т.Ж. СЫЗДЫҚОВ	
Меры противодействия латентизации преступности	319
У.Б. БАЙМАХАНОВ	
Информационная безопасность как средство противодействия киберпреступности.....	323
А.А. МУХАМАДИЕВ	
Квалифицирующие признаки субъективной стороны убийства в уголовном праве.....	326
Е.М. КУЛЬБАЕВ	
Уголовные правовые аспекты незаконного изготовления, переработки, приобретения, хранения, перевозки, пересылки, либо сбыта наркотических средств или психотропных веществ.....	330
О.Ж. ЖУКЕНОВ	
Оценка концепции проекта Предпринимательского кодекса Республики Казахстан	335
К. УМИРЗАХОВА	
Сравнительная характеристика национального и международного корпоративного права	338
Критика и библиография	342
РУМЕН СТЕФАНОВ	
Рецензия на книгу В. Катранджиева «Внешняя политика Европейского Союза». - Болгария. София: Военное издательство, 2011	342
Информационные сообщения	346
Информационное сообщение о круглом столе 12 февраля 2013 г.	347
Информационное сообщение о Всероссийской научно-практической конференции 13 февраля 2013 г. в г. Казань (Российская Федерация)	349
Информационное сообщение о международной научно-практической конференции «Новое уголовное законодательство Республики Казахстан: проблемы, тенденции и пути совершенствования» 20 марта 2013 г. в г. Астане	351
Информационное сообщение о круглом столе 29 марта 2013 г.	353
Информационное сообщение о круглом столе «Некоторые вопросы обеспечения аутентичности текстов правовых норм на русском и казахском языках» 5 апреля 2013 г. в г. Астане	356
Мудрые мысли	358
Юбилей	359
К 90-летию д.ю.н., проф. Кима В.А.	359
Институту законодательства Республики Казахстан – 20 лет	362



*Ибрагимов Жамаладен Ибригимұлы,
ҚР Заң шығару Институты халықаралық заңнама
және салыстырмалы құқықтану бөлімінің жетекші ғылыми қызметкері,
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент*

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ ҚҰРЫЛУЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауында: «Біз Кеден одағын және Біртұтас экономикалық кеңістікті нығайтатын боламыз. Біздің таяудағы мақсатымыз – Еуразиялық экономикалық одақ құру. Осыған орай біз мәселелердің консенсус арқылы шешілетінін нақты мәлімдейміз. Саяси егемендікке қысым көрсетілмейді» [1, 3 б.] - деп қадап айтқан болатын.

Президенттің жоғарыда аталған жолдауында біздің мемлекетіміздің қазіргі даму кезеңіне Еуразиялық экономикалық интеграцияның қажеттілігі айқын көрінеді. Осы орайда Біртұтас экономикалық кеңістік ауқымындағы мемлекетаралық бірлестіктердің қалыптасуы, олардың құқықтық тетіктерін жетілдіру, заңнамаларын үйлестіру мәселелерін зерттеу өзекті болып табылады.

Сонымен қатар Ата заңымызға сәйкес Қазақстан «өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтыратын; оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» [2, 4 б.] болып табылатын жағдайда Қазақстан Республикасының жаңа интеграциялық қатынастарын құқықтық қорғауға байланысты мәселелер де бүгінгі күн тәртібінде.

Бүгінде біз үлкен мүмкіндіктердің табалдырығында тұрмыз. Кез-келген қоғам мен мемлекетте елдің құқықтық қорғанысын, экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін түрлі жүйелер қызмет етеді. Қазақстанның егемендік пен тәуелсіздік алуы принципі жаңа сападағы әлеуметтік жүйенің пайда болуына әкелді.

Мемлекетте Еуразиялық экономикалық қауымдастық кеңістігінде экономикалық заңдардың жиынтығы, қаржы-экономикалық органдар жүйесі сияқты экономикалық

қатынастарды реттеу тетіктері бола тұра іс жүзінде кейде елдің экономикалық мүдделерін құқықтық қорғауды қамтамасыз етуге байланысты мәселелер де кездесіп отырады. Сондықтан да жаһандану үрдістері ауқымында экономикалық дағдарыстарға қарсы тұру, экономикалық әлеуеттерді шоғырландыру бағытындағы мемлекетаралық бірлестіктерді құқықтық қырынан жан-жақты талдау, зерделеу өзекті болып табылады.

Еуразиялық интеграцияның тұжырымдамасы және Еуразиялық кеңістіктегі қабылданған халықаралық шарттарына, ұлттық заңнамаға талдау жасай отырып, мемлекетаралық бірлестіктердің мәнін, мәртебесін көрсету бұл бағыттағы жұмыстарды жандандыра түседі. Сонымен қатар бұл интеграциялық басымдықтарды құқықтық реттеу тетігі ретінде Еуразиялық экономикалық қауымдастық Сотының мемлекетаралық дауларды реттеудегі рөлі де өте зор екенін де айтуымыз қажет.

Еуразиялық экономикалық қауымдастық кеңістігінде қауіпсіздікті қамтамасыз етуге байланысты мәселелер де мемлекеттігімізді одан әрі нығайту үшін басты шарт болып табылады. Қазақстан Республикасының интеграциялық идеяның негізінде пайда болған қатынастарды құқықтық қорғау мәселелерін кешенін қарау және оны жан-жақты талдай отырып тұжырымдау заң ғылымындағы басты басымдықтардың бірі. Бұл жаңа қатынастарға негізделген мүдделерді қорғау барысында Конституцияда бекітілген адам және азаматтар құқықтарын жан-жақты сақтай отырып, мемлекеттің мемлекетаралық ұйымдарға қосылуына байланысты және құқықтық мемлекет құру жағдайында Қазақстанның Еуразиялық экономикалық қауымдастық сотының тетіктерін жетілдіруге байланысты мынадай негізгі міндеттер туындайды. Олар:

- Интеграциялық идеяның шығу кезеңдерін, мәнділігін сипаттау;
- Еуразиялық кеңістіктегі мемлекетаралық

ұйымдардың құрылуына шолу жасап, оның басты басымдықтарын анықтау;

- Бірыңғай экономикалық кеңістіктің құқықтық тетіктерін жан-жақты талдау, артықшылықтары мен жетістіктерін қарастыру;

- Еуразиялық экономикалық қауымдастықтың құрылуы, жұмыс істеу дамуына талдау жасап, болашақ қызметіне қатысты нақты ғылыми-тәжірибелік ұсыныстар беру.

1994 жылғы ТМД мен оның ұйымдары қолда бар ықпалдастық мүмкіндігін толығымен іске асыра алмады. Әрине, қалыптасу үстіндегі ұйымның ондай өрелі міндетті оңай жүзеге асыра алмайтыны түсінікті еді. Алайда, біздегі қалыптасу кезеңі экономикамыздың әуелден өзектесіп кеткендігіне, халқымыздың саяси-әлеуметтік құлқы мен қоғамымыздың саяси-әлеуметтік құрылымның бірдейлігіне, қоғамымыздың көп ұлттылығына, тарихи дәстүрлеріміздің тамырластығына қарамастан, тым ұзаққа созылып кетті.

Бұның бәрі ұлттық-мемлекеттік құрылыс үдерісін мемлекетаралық ықпалдастық процестерді сақтап, дамыта отырып жүргізу керектігін көрсетеді. Мамандардың айтқанына жүтінсек, әлемдік қауымдастыққа ХХ ғасырда қалыптасқан ықпалдастық негізге сүйене отырып, күллі Достастықтың бірлескен қимыл әрекетімен ат салысқанымыз тиімді.

Еуразиялық одақ қалыптастыру идеясын Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті 1994 жылы Мәскеудің М. Ломоносов атындағы университетіндегі дәрісінде баяндады. Ол мұндай бастаманы Ресейдің ең ежелгі университетіндегі ғылыми элитаның бірден құптайтындығына сенген. Сол бойда-ақ бір топ ғалымдар бұл ұсынысты қызу қолдады. Бұл идеяны бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен талқылауға да ғалымдар қатысты [3, 97 б.].

Сол кезде «Мемлекеттердің Еуразия Одағын қалыптастыру туралы» жобасы үстінде қызу жұмыс жүріп жатты. Ол 1994 жылдың маусымында жарияланды. Құжат барлық ТМД мемлекеттеріне, ТМД атқару секретариатына, басқа да ұйымдарға жіберілді, БҰҰ-да таратылды.

Ешқандай әсірелеусіз айтсақ, «Мемлекеттердің Еуразия Одағын қалыптастыру туралы» жоба 1994 жылы ТМД елдерінің баспасөзінде ең көп назар аударылған бастама болды. Шолушылардың көбі оны «ең тосын», «ең күшті әсер туғызған» жоба деп бағалады [4, 218 б.].

Қазіргі кезде еуразиялық идея жаңа ғасырдың қоғамдық қозғалыстарының және барынша болашағы зор интеллектуалдық ағымдарының бірі деп аталады. Қазіргі заманғы ірі еуразиялық тұлғалар арасында Қазақстан Республикасының

Президенті Н.Ә. Назарбаев та бар. Н.Ә. Назарбаев Еуразия ұлттық университетінде оқыған дәрісінде «Еуразиялылық идея теория ретінде өткен ғасырда пайда болған. Бірақ, Еуразиялылық идея, жаңа өмірді ұйымдастыру практикасы ретінде осы ғасырда іске асатын болады. Еуразиялық –ХХІ ғасырдың басты идеяларының бірі. Еуразиялылық идеяның үш киті, Қазақстанның бастамасымен нақты түрде іске асырылған – бұл ЕурАзЭҚ, АӨСШК және ШЫҰ. Мұның барлығы – бір орталық, яғни Бірыңғай Еуразиялылық идеяның әртүрлі үш практикалық көрінісі» деп атап өтті.

Жаһанданған қазіргі заманғы әлемде тұрмыс пен тәртіпті жаңаша реттеудің іргетасы ретінде жалпы өркениетті құндылықтарды күшейту үрдісі өтуде. Еуразиялылық идея жаһандану идеясынан принципті түрде ерекшеленеді, коммуникациялар масштабы кеңейеді, бірыңғай әлемдік кеңістік құрылады, бірақ бұл ретте ұлттық әр түрліліктер басылып біраз уақыттан кейін бұзылуы мүмкін. Ал бұл тек жекелеген ұлттардың мәдениетіне төнген қауіп-қатер ғана емес, сонымен бірге тұтас әлемдік жүйеге төнген үлкен қатер. Мұндай перспективаға қарағанда, еуразиялық мәдениет пен ұлттық сәйкестіктерді сақтай отырып, қоғамның экономикалық дамуына және жаңаруына жол ашады. Еуразиялықтың әлеуеті бай, ол экономикада, саясатта, мәдениетте, ғылымда және білімде мемлекетаралық интеграциялаудың әр түрлі нысандарында материалданады [5, 225 б.].

Қазіргі заманғы жағдайда Еуразиялылық идея одан әрі өзектене түсуде. Ол әлемнің бір полярлық жаққа қарай дамуын көрсететін қатерлердің жалғыз баламасы болып табылады. Қазақстан еуразиялық бірлікті нығайтуды, көп полярлыққа қарай жылжуды қолдайды. Қазақстан Республикасының Президенті әлемді құрудың бір полярлы жүйесінен көп полярлы жүйесіне ауыстыру туралы тезисті ұсынады, онда аймақтандыру процесі күшейеді. Бұл әлемдегі Достастық елдерінің ұстанымдарын нығайтудың және посткеңестік кеңістіктегі интеграциялық процестерді қарқындатудың қуатты факторы болар еді.

Еуразиялық идея елдердің бір-біріне тең және құрмет қатынасын қалыптастырады, өйткені ол бастапқы орында Еуразия кеңістігінде орналасқан халықтардың толық сәйкестігін мойындайды. Практикалық еуразиялылықтың бай әлеуеті жаһандық өзара байланыстырды күшейту мен әлемнің көп полярлығы арасындағы жаһандандырудың ішкі қайшылықтарын тең құқықтық және бірін-бірі құрметтеудің принциптік жаңа негіздерінде аймақтық

бірлестіктерді құру арқылы шешеді.

Интеграция қажеттілігінің маңызды бірі бөлігіне тоқтала кету керек. Бұл біздің Республикамыздың қауіпсіздігі мен тұрақтылығын, әлемнің жетекші елдеріндегі және жақын мемлекеттердегі қауіпсіздіктің өзара байланысын көрсетеді. Бұл туралы Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев «Сындарлы он жыл» еңбегінде: «Қазақстанның Ұлттық Қауіпсіздігі Орталық Азия өңірінің қауіпсіздігімен тығыз байланысты. Орталық Азия өңірінің қауіпсіздігін Орталық Еуразияның құрамдас қауіпсіздігі ретінде қарау ұсынылады. Орталық Еуразия өңірі қауіпсіздіктің жаһандық жүйесінің бір бөлігі болып табылатын Еуразия қауіпсіздігінің бірі бөлігі болуы тиіс»-деп атап көрсеткен болатын. Н.Ә. Назарбаевтың пікірі бойынша, еуразиялық идея практикалық толықтыруларға ие болып келеді. Бүгінгі күні ол Еуразиялық экономикалық қауымдастықты (ЕурАзЭҚ), Шанхай ынтымақтастық ұйымын (ШЫҰ), сондай-ақ Азияда Өзара іс-қимыл және сенім шаралары бойынша кеңесті интеграциялау арқылы іске асырылуы мүмкін. Еуразиялық идеяны біртіндеп жүзеге асыру бүгінгі күні, Еуразия кеңістігіндегі қазіргі заманғы елдер Еуразия негіздеріне өз қатынастарын айқын анықтауын талап етеді.

Еуразиялық идеялар университеттер ынтымақтастығының сенімді және құнарлы негіздері ретінде, қазіргі кезде 98 университетті, оның ішінде ТМД елдерінің 43 жетекші университеттерін біріктіріп отырған Университеттердің еуразиялық қауымдастығы қызметінде толық көлемде байқалды. Президент Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен Еуразия ұлттық университетіне, этногенез дамуында пассионарлықтың ролі туралы теорияның авторы, еуразиялық идеяның ғылыми негіздемесіне маңызды үлес қосқан көрнекті этнолог-тарихшы Лев Николаевич Гумилёв аты берілді.

Н.Ә. Назарбаевтың еуразиялық идеяларымен Қазақстанның жаңа астанасының пайда болуын байланыстыруға болады. Президенттің іске асқан ойы арқасында еліміздің жүрегі - Астана стратегиялық тұрғыда қолайлы, қауіпсіз және маңызды жерде орналасқан және өркендеу үстінде. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті білім алушыларымен кездесуінде, еуразиялық идеяға «рухани, ғылыми база қажет, ал осы ғылыми база Еуразиялық университет болуы тиіс. Еуразияның жүрегі біздің астанамыз – Астана қаласы болуы мүмкін» - деп атап көрсетті.

Қазақстан Республикасының Президенті

Н.Ә. Назарбаев еуразиялық стратегияны іс жүзіне асыруы оның Еуразиялық Одақ құру туралы идеясынан да көрінеді. Ол, еуразиялық кеңістікте бізді тарих, ортақ стратегиялық мүдделер мен халықтар бірлігі жақындастырады дегенді бірнеше рет атап өтті. Бұл халықтардың тарихи бірігуі және бүгінгі күні Еуразиялық Одақ құру үшін қажетті алғышарт болып табылады. Оның ойынша Еуразиялық Одақ посткеңестік кеңістіктегі әлеуметтік-экономикалық жаңғыртуды, тұрақтылықты және қауіпсіздікті нығайту мақсатында егеменді мемлекеттерді интеграциялау нысаны болып табылады. Тәуелсіз мемлекеттерді жақындастырудың негізгі экономикалық мүдделер болып табылады.

Еуразиялық экономикалық одақ құру кезіндегі негізгі принциптер және механизмдер тепе-теңдік, бір-бірінің ішкі жұмыстарына қол сұқпау, егемендікті құрметтеу, аумақтық тұтастықты сақтау және мемлекеттік шекараларға қол сұқпау, адамдар және капиталдың еркін жылжуы және ортақ рыноктың болу принциптері болып табылады.

Еуразиялық экономикалық одақ құру тұжырымдамасы әлемдік практикада интеграция түріндегі басқа аналогы болмаған мүлдем жаңа болса да сол кездегі әлемдік тәжірибені, әсіресе КСРО бұрынғы республикаларының тарихи даму ерекшеліктерін ескереді. Ол посткеңестік кеңістіктегі интеграцияның стратегиялық мақсатын айқын анықтады және оны жүзеге асыру үшін әрекет ету механизмін іске қосты. Еуразиялық экономикалық одақ идеясының жобасын алға тарту тек таза экономикалық дәлелдерге ғана бола мәжбүрлемейді. Ол бәрінен бұрын, «өркениеттің белгілері бойынша посткеңестік кеңістіктегі күйреуді болдырмау» үшін қажет.

Еуразиялық экономикалық одақ құру идеясы, тұтас алғанда, посткеңестік кеңістікте интеграцияның барынша болашақ жобалары болып табылады. Оның көптеген ережелері интеграцияның нақты механизмдерін құруда пайдаланылды. Мемлекеттер арасындағы теңдік, тәуелсіздік және егемендік принциптеріне интеграцияны ұсына отырып, Еуразиялық Одақ құру тұжырымдамасы принципті жаңа негіздерді сол бойынша интеграциялауды ұсынады, яғни қазіргі өмір шындығына, қазіргі заманғы саяси процестер шеңберінде мемлекеттік және мемлекет аралық қатынастарды дамыту логикасына жауап береді [6, 61-63 б.].

Жоғарыда Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің мәлімдемесін қарастыра отырып, біз Еуразиялық кеңістік құрудың негізгі қағидаларын нақтыладық: біріншіден, мәдени

және өркениеттік факторлардың маңыздылығын жоққа шығармай, интеграцияны, ең алдымен, экономикалық прагматизм негізінде құру. Сондықтан болашақ Еуразиялық одақтың алғашқы негізін қалауда біздің халқымыздың бірге жемісті дамуының масштабты аймағы – бірыңғай экономикалық кеңістік; екіншіден, интеграцияның еркін жүргізілуін жақтау, өз жұрты мен елінің мүддесі тұрғысындағы ерікті интеграция – гүлденудің ең қысқа жолы; үшіншіден, Еуразиялық экономикалық одақты басынан-ақ теңдік, бір-бірінің ішкі ісіне араласпау, егемендікті құрметтеу және мемлекеттік шекараға қол сұқпау секілді қағидаларға негізделген мемлекеттердің бірлестігі; төртіншіден, әр мүше-мемлекеттің мүдделерін есепке алатын, нақты әрі шынайы құзыры бар пәтуаның негізінде жұмыс істейтін Еуразиялық экономикалық одақтың ұлттықтан жоғары органын құру.

Бұл бастаманың ТМД кеңістігіндегі интеграциялық процестер үшін үлкен серпіліс болғанын байқау мүмкін емес. Кейінгі жылдары Ұжымдық қауіпсіздік келісімшарты ұйымы, Еуразиялық экономикалық қауымдастық, Қазақстан, Беларусь және Ресейдің Кеден одағы секілді жемісті мемлекетаралық құрылымдарды құруда кезеңмен ол өмірімізге ене бастады [7, 3 б.].

Еуразиялық экономикалық қауымдастықты негіздеу үдерісі оңай жүргізілген жоқ. Бұл өзекті мәселеге байланысты сарапшылар, ғалымдар, тәжірибелі мамандар әр түрлі пікірлер айтты. Осы орайда Қазақстан Республикасының Президентінің мына пікірі біздің ойымызды қуаттай түседі: «Біз ұсынып жатқан «Одақ» сөзі ешкімді де қорқытпау керек, өйткені қазіргі кезде әлемде Еуро Одақ және басқа да одақтар қызмет етуде. Осындағы бір парадокс, батыс Еуропаның саясаткерлері одақтасып алға жылжуда, бірақ халық одан артта қалып отыр. Ал Бізде ТМД-да басқаша, халық бірігуді қаласа, саясаткерлер қолдамайды. Сондықтан да біз бірінші кезеңде Қазақстан мен Ресей арасында ЕАО одағына бірігуден бастасақ дұрыс болар еді» [8, 215 б.].

Қазіргі кезде ТМД-ның барлық елдері қоғамдық өмірдің барлық салаларында – экономикада, саясатта, идеологияда, ұлтаралық қатынастарда терең дағдарысты бастан кешіріп отыр, әлеуметтік-экономикалық шиеленіс үдей түсуде. Мұның өзі Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының дамуы екі тенденция бойынша айқындалып отырған жағдайда өтіп жатыр. Бір жағынан, ұлттық мемлекеттіліктің одан әрі қалыптасуы жүріп жатыр. Ал екінші жағынан, Достастық елдердің бірігуге деген тенденциясы байқалып отыр.

ТМД-мемлекетаралық бірлестік ретінде, өзіне енетін елдердің мемлекетаралық қатынастарын құқықтық тұрғыдан рәсімдеуде маңызды рөл атқарып отыр. ТМД-ның іс қимыл әлеуеті әлі таусылған жоқ. Бірақ бұған қарамастан қазіргі кезде жұмыс жасап отырған ТМД органдарының құрылымы қолда бар бірігу әлеуетін толық көлемде жүзеге асыруға мүмкіндік бермей отыр. Бұған Достастық елдерінің басшылары ғана емес, сонымен бірге осы мемлекеттер халықтарының басым көпшілігі де назар аударып отыр.

ТМД-ның өмір сүрген өткен жылдардағы бірлесудің жаңа деңгейіне көшудің қажеттігін көрсетіп отыр. Мұның өзі барлық қатысушы мемлекеттердің бірлесе отырып қабылдаған міндеттемелерін қадағалауға кепілдің беретін болады.

Халықаралық тәжірибе кез-келген мемлекетаралық бірлестік өзінің дамуында әр түрлі кезеңдерден өтетінін, ынтымақтастықтың жаңа нысандарымен толығы түсетінін көрсетіп отыр. ТМД-ның елеулі артықшылығы бар – экономикасының бірлесуінің жоғары дәрежесі, әлеуметтік саяси құрылымдарының бірдейлігі және халықтарының қадір-қасиеті, сондай-ақ көптеген республикалардың сан ұлтты құрамы, жалпы тарихи дәстүрлері бар.

Осының бәрі ұлттық-мемлекеттік құрылыс үдерісін осы негізде мемлекетаралық бірігу процестерін сақтауды және дамытуды үйлестірудің қажеттігін көрсетеді.

Біртұтас халық шаруашылық кешені құрылымының бізге қалған мұрасы әлі де бүлінуде. Экономикалық байланыстардың күні өткен нысандары қазір өзінен-өзі жойылуда. Сонымен қатар біздің елдердің таяудағы және алдағы келешектегі экономикалық мүдделеріне сай келетін технологиялық пысықталған байланыстары үзіліп отыр.

ТМД елдеріндегі ұлттық заң шығаруды жетілдіру нарықтық реформаларды табысты түрде жүзеге асыруды қамтамасыз етудің маңызды бөлігі болып табылады. Бұдан арғы жаңғырту шаруашылық қызметінің заң шығару қызметінің заң негізін жақындатпайынша мүмкін емес, өйткені олардың арасындағы орын алып отырған алшақтықтар экономикадағы бірігу процестерінде елеулі бөгет болып отыр.

Нарықтық экономиканы дамытудағы елдердің арасындағы айырмашылықтарды, саяси процестерді демократияландырудағы айырмашылықтарды ескере отырып, еліміз бірігудің қосымша құрылымын құруды – ТМД-ның қызметімен үйлесетін Еуразия одағын құруды ұсынды. Бұл орайда бірігудің түрлі нұсқалары, түрлі қарқандары, ТМД елдерінің

дамуындағы әр түрлілігі және әр қалыпталығы ескерілмек. Мұның өзі ТМД-дағы жаңа экономикалық нысанды құрудың қажеттігін табанды түрде талап етуіне негіз береді. Еуразия Одағын құрудағы басты мақсат – қатысушы мемлекеттердің экономикалық саясатты келісуі және экономикалық реформаларды жүзеге асыру жөніндегі міндеттемелірі қабылдауы [9, 135].

Еуразия Одағы (ЕАО) – тең құқылы Тәуелсіз Мемлекеттердің Одағы. Ол ортақ бірлескен әлеуеті бар әрбір қатысушы елдердің ұлттық-мемлекеттік мүдделерін жүзеге асыруға бағытталған. ЕАО егемен мемлекеттердің кеңестік заманнан кейінгі кеңестікте тұрақтылық пен қауіпсіздікті, әлеуметтік-экономикалық жаңғыртуды нығайту мақсатымен бірлесу нысаны болып табылады.

Экономикалық мүдделер тәуелсіз мемлекеттердің жақындасу жөніндегі негіздерін айқындайды. ЕАО-ның саяси институттары осы мүдделерді бара-бар бейнелеуге және экономикалық бірігуге жәрдемдесуге тиіс.

Еуразия одағын құрудың төмендегідей принциптері мен механизмдері ұсынылады:

- Мемлекеттердің ЕАО-ға кіруі туралы ұлттық референдумдар өткізу немесе парламенттердің шешімдерін шығару;

- Шартқа қатысушы мемлекеттердің ЕАО-ны теңдік, бір-бірінің ішкі істеріне қол сұқпау, егемендікті, аумақтық тұтастықты және мемлекеттік шекаралардың бұлжымастығын құрметтеу негізінде құру туралы шартқа қол қою. Шарт экономикалық, валюталық және саяси одақты құру бағытындағы бірлесу ісін тереңдету жөніндегі заңдық және ұйымдық алғышарттарының негізін қалауға тиіс;

- ЕАО-ға қауымдастық мүшелігіне жол берілмейді;

- ЕАО-ға қабылдау жөніндегі шешім қатысушы елдердің жалпы санының: білікті көпшілігі – бестен төрті дауы беру принципі негізінде жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, ЕАО Парламенті қызметінің негізгі бағыттары біртұтас экономикалық кеңістікті дамытуды қамтамасыз ететін қатысушы елдердің заң шығарушы қызметін үйлестіру, адамның әлеуметтік құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі міндеттерді шешу, мемлекеттік егемендікті және ЕАО мемлекеттеріндегі азаматтардың құқықтарын өзара құрметтеу болып табылады. Еуразиялық экономикалық одақ жобасының мән-мағынасы туралы ғалымдар былай деп жазады: «Будущий Евразийский союз не будет отгораживаться и кому-либо противостоять. Он будет строиться на универсальных интеграционных принципах как

неотъемлемая часть Большой Европы, объединенной едиными ценностями свободы, демократии и рыночных законов» [10, 10 б.].

Еуразиялық экономикалық одақ – бұл қазіргі және болашақтағы аса күрделі мәселелерді шешетін мегажоба. Құрылымдануы тарихтағы ең ауқымды қаржы-экономикалық дағдарысқа тұспа-тұс келген Еуразиялық экономикалық одақтың бойында әлемдік жаңа архитектураның негізгі бөлшегіне айналуға толық мүмкіндік бар.

Ол үшін Еуразиялық интеграцияға мүше мемлекеттердің әрбірінде іс-қимылдардың айқын стратегиясы болу керек:

- Бірінші: Еуразиялық одақ әу бастан-ақ бәсекеге қабілетті ғаламдық экономикалық бірлестік ретінде құрылуға тиіс болған. Сондықтан біздің Бірыңғай экономикалық кеңістігіміз инновацияның және қуатты технологиялық серпіндердің территориясына айналуы маңызды. Бұл үшін модернизацияның және еліміздің инновациялық дамуының жалпы алгоритмін құру қажет болған.

- Екінші: Еуразиялық одақ еуроатлантикалық және азиялық даму аймағын жалғайтын мықты орталық болып қалыптасу керек.

- Үшінші: Еуразиялық одақ жаңа ғаламдық валюта-қаржылық жүйенің бір бөлігі бола алатындай жеткілікті дәрежедегі аймақтық қаржылық бірлестік болып құрылуы керек.

- Төртінші: Геоэкономикалық болашақта геосаяси болатын еуразиялық интеграция эволюциялық және ерікті жолмен жүруі керек. Оның құрамына сан түрлі формадағы, әртүрлі мақсаты мен міндеті бар мемлекетаралық бірлестіктер–ТМД, ЕурАзЭҚ, ҰҚШҰ, Кедендік одақ – Қазақстан, Беларусь, Ресейдің біріккен экономикалық кеңістігі және тағы басқа ұйымдар бар. Басқа да құрылымдардың пайда болуы әбден мүмкін. Аймақтық әртүрлі ұйымдарға қатысу әрбір мемлекетке интеграцияның тиімді жолын таңдауға көмектеседі.

- Бесінші: Еуразиялық одақтың құрылуы тек қана қоғамның жаппай қолдауына байланысты болуы керек. Мысалы: ЕурАзЭҚ іскерлік кеңесінің базасында еуразиялық өнеркәсіп иелері мен кәсіпкерлерінің конгресін құруға болады. Кедендік одақтың үш елінің форматында еуразиялық сауда-өнеркәсіп палатасын құру керек [11, 2 б.].

Біртұтас экономикалық кеңістікті негіздеудегі интеграциялық жоба болашақта жаңа, сапалы деңгейге көтеріліп, экономикалық дамуға кең мүмкіндіктер ашып, қосымша бәсекелік артықшылықтарды қалыптастырады. Мұндай бірлестік оған қатысушыларға жаһандық экономика және сауда жүйесіне қосылуға, болашақ

кеңістік шеңберлерін анықтау және ойын ережелеріне тапсырыс беретін шешімдерді дайындау үдерісіне нақты қатысуға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауы // Егемен Қазақстан. – 2012. – 15 желтоқсан.
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы // Алматы: Юрист, 2012.
3. Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында. «Еуразия: ықпалдастық пен ыдыраушылық». - Алматы: Өнер, 1996. – 272 бет.
4. Доклад Президента РК Н.А. Назарбаева на сессии Академии социальных наук РФ на тему: «Евразийский союз: новые рубежи, проблемы, перспективы» // Том III. Н.А. Назарбаев и внешняя политика Казахстана: сборник документов и материалов в трех томах / Отв. ред. Б.К. Султанов. — Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2010. - 340 с.
5. Выступление Президента РК Н.А. Назарбаева на международном форуме «Евразийская интеграция: тенденции современного развития и вызовы глобализации» // Том III. Н.А. Назарбаев и внешняя политика Казахстана: сборник документов и материалов в трех томах / Отв. ред. Б.К. Султанов. — Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2010. — 340 с.
6. Ошанов Н.З. «Еуразиялық идея және Қазақстан» // Қазақстан Республикасы әлемдік саясат жүйесінде. 2-кітап / ҚР ҰҒА академигі А.М. Ғазалиевтің редакциясымен. – 2-ші басылым, өңдел. және толық. - Қарағанды: Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті баспасы, 2011. – 98 б.
7. Назарбаев Н. Еуразиялық одақ: идеядан – болашақтың тарихына // Алаш айнасы. - №191 (643). - 2011.
8. Выступление Президента РК Н.А. Назарбаева в Московском государственном университете им. М.В. Ломоносова. Президент Н.А. Назарбаев и современный Казахстан. // Том III. Н.А. Назарбаев и внешняя политика Казахстана: сборник документов и материалов в трех томах / Отв. ред. Б.К. Султанов. — Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2010. — 340 с.
9. Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздік белестері. – Алматы: Атамұра, 2003. – 336 б.
10. Моисеев Е.Г. Перспективы создания Евразийского союза // Евразийский юридический журнал. - №11(42). - 2011.
11. Назарбаев Н.Ә. «Еуразиялық одақ: Идеядан-болашақтың тарихына» // Алаш Айнасы. - №191 (643). - 2011 жыл, 27 қазан.



Бұл мақалада Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД), Еуразиялық экономикалық қауымдастық, Кеден Одағы, Бірыңғай экономикалық кеңістік базасында Еуразиялық экономикалық одақтың құрылуының құқықтық негіздері қарастырылады. Осы қатынастардың әр түрлі нысандарында, посткеңестік кеңістіктегі интеграцияның жоғарғы деңгейі болып табылатын болашақ Еуразиялық экономикалық одақтың іргетасы салынған.

Түйін сөздер: Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Еуразиялық экономикалық қауымдастық, Кеден Одағы, Бірыңғай экономикалық кеңістік, Еуразиялық экономикалық одақ.

В данной статье рассматриваются правовые основы Создания Евразийского экономического союза на базе Содружества Независимых Государств (СНГ), Евразийского экономического сообщества, Таможенного союза, Единого экономического пространства. В этих разных формах сотрудничества заложен фундамент будущего Евразийского экономического союза, который станет вершиной интеграции на постсоветском пространстве.

Ключевые слова: Содружество Независимых Государств, Евразийское экономическое сообщество, Таможенный союз, Единое экономическое пространство, Евразийский экономический союз.

This article considers legal foundations of Eurasian Economic Union creation on the basis of Commonwealth of Independent States (CIS), Eurasian Economic Commonwealth, Customs Union, Common

Economic Space. The foundation of future Eurasian Economic Union is in these different forms of cooperation, which will become top of the integration on the post-Soviet space.

Keywords: Commonwealth of Independent States (CIS), Eurasian Economic Commonwealth, Customs Union, Common Economic Space, Eurasian Economic Union.

Жамаладен Ибрагимұлы Ибрагимов,

ҚР Заң шығару институты халықаралық заңнама және салыстырмалы құқықтану бөлімінің жетекші ғылыми қызметкері, т.ғ.к., доцент

Еуразиялық экономикалық одақтың құрылуының құқықтық мәселелері

Ибрагимов Жамаладен Ибрагимович,

ведущий научный сотрудник отдела международного законодательства и сравнительного правоведения ИЗ РК, к.и.н., доцент

Правовые проблемы создания Евразийского экономического союза

Ibragimov Zhamaladen,

leading research fellow of the Department of International legislation and Comparative Law of the Institute of legislation of the Republic of Kazakhstan, c.h.s., docent

Legal Problems of Eurasian Economic Union Establishment

